

Мектепке дейінгі, орта,
техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білім
беру ұйымдарын дамыту
бағдарламасының құрылымына
1-қосымша

1 бөлім. Бағдарлама паспорты

«Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК дамыту бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның атауы	«Құндылыққа негізделген табысты мектеп»
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	<p>Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы;</p> <p>- Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;</p> <p>- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қаулысы;</p> <p>- «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №273 бұйрығы;</p> <p>- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);</p> <p>- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);</p> <p>-«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);</p> <p>- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы);</p> <p>-«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);</p>

	-ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйек №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» -Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия» ШЖҚ МКК жұмыс тобы
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: Іс-әрекеттегі зерттеу арқылы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін білім берудегі көшбасшылығын дамыту, оқушының әлеуетіне сай құндылықтар негізінде оқу мен оқытудың сапалы жүйесін құру. Міндеттері: -Әр балаға академиялық білім мен тәрбие алуына және ғылыми зиятын арттыруға қолдау көрсету; - Ұстаздардың кәсіби дамуын үздіксіз қамтамасыз ету. -Әр оқушының мүддесіне бағытталған жайлы, қауіпсіз, тең орта. -Ұжымдық мәдениет, тиімді менеджмент пен көшбасшылықтың жүйесін қалыптастыру.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2024 жылдың қыркүйегінен – 2029 жылғы маусым аралығы
Қаржыландыру көздері	Гимназияны дамытуға жыл сайынғы қаржы бөлуге сұраныс және ҚР заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері.

2 бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау

2.1 Мектеп-гимназияның қазіргі жай-күйін, негізгі проблемаларын және олардың себептерін талдау, инновациялық әлеуетін бағалау

Гимназияның мекен- жайы: Қосшығұлұлы көшесі, 23/1 ғимарат

Байланыс телефоны: (871-72) 72-92-39

Электрондық мекен-жайы: ast@67gymnasium.edu.kz

Оқыту тілі: қазақ тілі

Қолданысқа берілген уақыты: 2011 жыл

Жобалық қуаттылығы: 1200 орын

Оқу кабинеттер саны: 71 кабинет, әдістемелік кабинет-1, мұғалімдер бөлмесі-1, ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинеті-1, кітапхана -1, музей-1, медициналық -3 кабинет, педагог-психолог -3 кабинет, әлеуметтік –педагог-1 кабинет, мәжіліс залы-500 орындық, мектеп асханасы -180 орындық.

Гимназия – білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық, лингвистикалық және эстетикалық бейіндегі бағыттар бойынша кеңейтілген білім беруді талап еткендіктен гимназия компонентінен бөлінген сағаттарды жеке дамыту бағдарламаларына бағытталды.

Оқушылардың жаппай оқуға тартылуы:

2022-2023 оқу жылында оқушылар саны - 2679 (108 сынып комплектісі)

Үлгерім сапасы%	2021-2022	-	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
	2022-2023	-	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %

Стратегиялық жоспардың әр оқу жыл сайынғы өлшемдері мен көрсеткіштер бөлімінде 2022-2023 оқу жылының қорытындысын болжаммен оқыту мен оқуды жүзеге асыру және білім сапасын арттыру 62% деп белгілеген едік. Берілген кестеде барлық параллель сыныптарда оқушылар санының артқанын, сонымен қатар 2021-2022 оқу жылында білім сапасының барлық сыныптарда төмендеген, ал 2022-2023 оқу жылында білім сапасының 2, 6, 8, 10 сыныптарда артуы байқалса, 3, 4, 5, 7, 9, 11 сыныптарда төмендеп отырғаны байқалады, бұған негізінен оқушылар санының көбеюі, сырттан келген бастауыш және орта буындағы оқушылардың білім деңгейінің төмендігі, оның ішінде білімдері қанағаттанарлық деңгейдегі білім алушылардың басымдығы. Жалпы алғанда білім сапасының арттыруына және төмендеуін басты назарда ұстау қажет екені және олқылықтармен тұрақты жұмыс жүргізу керекі айқын көрінеді.

Шешу жолдары: Білім сапасы төмендеген сыныптарды жан-жақты зерттеуге алу. Зерттеу топтармен бірлесе отырып себептерін анықтау, білім сапасын көтеруге жоспар әзірлеу. Әр мұғалім өз сабақ беру әдістемесіне сапалы қарау және күнделікті сабақ жүйесінде оқушы мүмкіндігін ескеру ұсынылады.

Қорытынды аттестаттауды талдау

2022-2023 оқу жылында қорытынды аттестаттауға 9 сыныптарда сегіз сыныпта - 212, 11 сыныптарда бес сыныпта -105 оқушы, барлығы 317 оқушы қатысты.

<i>Ішкі мықты жақтары</i>	<i>Ішкі осал жақтары</i>	<i>Қолайлы мүмкіндіктер</i>	<i>Сыртқы қауіптер (тәуекелдер)</i>
Білім алушылардың білім алуына жағдай жасалған; Оқушы қажеттілігі мен құқығы сақталған;	Жыл бойына оқушы білімдерін объективті бағалауға, әр оқушы мүмкіндігіне қарай саралау жұмыстарының аздығы; Таңдаудан берілген сағаттардың тиімсіз қолдануы;	Ата-аналармен бірлесе отырып, оқушылардың таңдау құқығын ескеру арқылы, кәсіптік бағдар беру мен бейіндік пәндерді таңдау жұмыстарын жүйелі жүргізу.	кейбір оқушылардың мамандық таңдау бағытында сенімсіздіктің басымдығы;

9-сыныптар бойынша

Оқу жылының соңындағы барлық оқушылар саны – 181/213, өткен жылғы бала санымен салыстырсақ 31 оқушыға артқан.

	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	Динамикасы
Бала саны	181	212	+31
үздіктер	17	8	-9
екпінділер	81	80	-1
Білім сапасы	53,8%	41%	-12,8
Қазақ тілі	81%	75%	-6
Алгебра	60%	46%	-14
Орыс тілі	84%	66%	-18

Екі жыл қорытындысын салыстыру барысында төмендегідей кедергілер айқындалып отыр:

Білім сапасының төмендеуінде үздік пен екпінді оқушылардың азаюы, пәндер бойынша сапаның төмендеуі негізінен. 9- сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен жыл бойы білімді игертуде мұғалімдердің білімдегі олқылықтарды зерделеу барысында және **тапсырмаларды орындау кезінде білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесін көрсеткен болатын:**

-Жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөліп, ойын жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіп, редакциялауды жүйелі орындату;

- Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылап, өз ойын дәлелдеп эссе жазуда (аргументативті эссе) құрылымы мен ой жүйелілігінің сақталмауы;

11-сыныптар бойынша

Оқу жылының соңындағы барлық оқушылар саны – 108; Қорытынды аттестаттаудан өтті – 103;